«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқармасының
2 казан 2012 № 39/12 шешімімен
бекітілген

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымдарға қатысы бойынша дивидендтік саясаты

1. Жалпы ережелер

1.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымдарға қатысы бойынша дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әлд-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысына, Қордың 2012 – 2022 жылдарға арналған даму стратегиясына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Дивидендтік саясат Қордың ұлттық даму институттарымен, ұлттық компаниялармен және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалармен (бұдан әрі – Компаниялар) Қорға тиесілі акациялардың немесе қатысу үлестерінің пакеттеріне дивидендтер төлеу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынасының негіздерін белгілейді.

Осы саясаттың мақсаттары үшін дивиденд деп шоғырландырылған қаржылық есептілігіне/есепті кезең ішіндегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес Компаниялардың жарғылық капиталдарындағы Қорға тиесілі акциялар (қатысу үлестері) бойынша оған төленетін Компанияның таза пайдасының бір бөлігі түсініледі.

Өзара қарым-қатынастардың негіздері Компаниялардың бекітілген стратегияларының, сондай-ақ олардың қаржылық-шаруашылық қызметін қорытындылау жөніндегі жұмыс шеңберінде олардың уәкілетті органдарының ұсыныстарының негізінде Компаниялардың таза бөлігін бөлу және қайта инвестициялау ескеріле отырып әзірленеді.

1.3. Қорға дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компаниялардың жарғыларымен, сондай-ақ жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) немесе Компанияның – акционерлік қоғамның, Компанияның – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысының (қатысушылардың жалпы жиналысының) тиісті шешімдерімен реттеледі.

2. Дивидендтік саясаттың мақсаты және негізгі қағидаттары

2.1. Дивидендтік саясаттың мақсаты Қор мен Компаниялардың мүдделер теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеудің шарттары мен тәртібін анықтау кезінде болжанғыштығын және ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- Қордың мемлекеттік акциялар пакетіне Қордың дивидендтерді кепілді төлеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қор жалғыз акционерінің тапсырмалары бойынша төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қағидаты;

- қызметтің жаңа түрлерін және Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қордың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты;
- дамуға, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметіне жұмсалған шығыстарды Компаниялардың қаржыландыруы қажеттігі қағидаты.

2.3. Қордың пайдасына Компаниялар есептейтін дивидендтердің мөлшері Қордың қаржыландыруға арналған ақшалай қажеттілігін:

- дивидендтердің Қор акцияларының мемлекеттік пакетіне төлемдерін;
- Қордың жалғыз акционерінің тапсырмалары бойынша төлемдер мен шығындарды;
- Қордың ағымдағы қызметін;
- қызметтің жаңа түрлерін және Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды өтеуге тиіс.

3. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі

3.1. Компанияларға қатысы бойынша төленетін дивидендтердің мөлшері қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігі көрсеткіштерінің негізінде анықталатын олардың кемелдігі және қаржылық-экономикалық жай-күйі дәрежесіне қарай сараланып айқындалады.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Дивидендтік саясатқа және Компаниялардың жарғыларына сәйкес Компаниялардың уәкілетті органдары Компаниялардың өткен қаржы жылы ішіндегі таза пайдасын бөлу тәртібі және бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныс дайындайды.

3.3. Дивидендтердің мөлшері туралы түпкілікті шешімді акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) немесе жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) немесе Компанияның – акционерлік қоғамның, Компанияның – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысы (қатысушылардың жалпы жиналысы) қабылдайды.

3.4. Компанияларға төлеуге ұсынылатын дивидендтердің мөлшері дивидендтерді есептеудің төменде сипатталған әдістемесіне сәйкес анықталады.

Төменде келтірілген барлық көрсеткіштерді есептеу мыналардың:

- Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігі деректерінің;
- дивидендтер есептелетін кезең ішіндегі басқарушылық есеп ақпаратының (қаржылық есептілікте қажетті деректер болмаған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

Дивидендтерді есептеу мынадай дәйектілікпен орындалады:

1-кезең. Ақпарат жинау және дайындау;

2-кезең. Дивидендтердің мөлшерін есептеу;

3-кезең. Компаниялар жасасқан шарттарда белгіленген дивидендтер төлеу жөніндегі шектеулерді сақтау шарттарының орындалуын тексеру (ковенанттар).

Есептеу кезеңдерінің сипаттау

1-кезең. Ақпарат жинау және дайындау

Бұл кезеңде мынадай құжаттарды жинау және жүйелендіру жүргізіледі:

- Қордың аудиттелген қаржылық есептілігі;
- көрсеткіштердің осы есебінде пайдаланылатын, қаржылық есептілікте олар туралы мәліметтер қамтылмайтын мәндерді анықтау үшін қажетті басқа да құжаттар мен Компанияның басқарушылық есебінің деректері.

2-кезең. Төленетін дивидендтердің мөлшерін есептеу

Төленетін дивидендтердің мөлшерін есептеу белгілі бір кезең (бұдан әрі – Кезең) үшін жүзеге асырылады.

Егер Компания Кезең ішінде шоғырландырылған таза шығын алған жағдайда дивидендтер есептелмейді.

Ұлттық даму институттары Кезең ішінде есептейтін дивидендтердің ең аз мөлшері кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайданың 15% тең. Ұлттық даму институттары Кезең ішінде есептейтін дивидендтердің ең көп мөлшері кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайданың 100% тең. Ұлттық даму институттары Кезең ішінде есептейтін дивидендтердің түпкілікті мөлшері акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) немесе 2.2-тармақта белгіленген қағидаттарға сәйкес барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін тұлғаның шешімімен белгіленеді.

Қалған компаниялар үшін төленетін дивидендтердің мөлшері мынадай тәртіппен:

- Компанияның кемелдену дәрежесіне;
- «Самұрық-Қазына» АҚ борышты басқару және қаржылық тұрақтылығы саясатына (бұдан әрі – борышты басқару және қаржылық тұрақтылығы саясаты) сәйкес Компанияның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық тәуекелдерін сипаттайтын төменде келтірілетін қаржылық көрсеткіштердің негізінде анықталатын Кезеңнің соңындағы Компанияның қаржылық-экономикалық жай-күйіне;
- пайда есебінен игеруге Қордың Инвестициялық-инновациялық комитеті мақұлдаған және Кезең ішінде жүзеге асырылған Компанияның инвестициялық шығыстарына;
- Кезең ішінде жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға Компанияның капиталдандырылған шығындарына;
- Кезең ішінде Компания жүзеге асырған және Кезең ішіндегі қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілген Компания акционеріне өзге де бөлулерге қарай белгіленеді.

Кемелділік дәрежесін айқындау мақсатында Компаниялар «Кемелденген» және «Өсу үстіндегі» болып бөлінеді.

«Кемелденген компания» – қызметі тұрақты (оң) таза пайдасының, тұрғылықты ақша ағындары мен кіріс көздерінің болуымен сипатталатын, нарықта қалыптасқан үлесті иеленетін Компания.

«Өсу үстіндегі компания» - тұрақты оң таза пайданың болмауымен немесе оның Компанияның тұрақты жұмыс істеуін, қызметін кеңейту, Компания құнын ұлғайту үшін жеткілікті емес көлемде болуымен сипатталатын қалыптасу кезеңінде тұрған компания.

«Өсу үстіндегі Компаниялар» үшін дивидендтердің есебі мынадай үлгіде жүзеге асырылады:

Дивидендтер = ШТП*15%

мұнда:

ШТП – Кезең ішіндегі Компанияның шоғырландырылған таза пайдасы.

«Кемелденген Компаниялар» үшін төленетін дивидендтердің есебі мынадай үлгіде жүзеге асырылады:

Дивидендтер = ең жоғарғы { ШТП*15% ; ШТП*Дивиденд_есептеу пайызы-Өзге бөлу– Ин_шығыстар-ҒЗТКЖ шығыстары}

мұнда,

ШТП – Кезең ішіндегі Компанияның шоғырландырылған таза пайдасы;

Өзге бөлулер – Компанияның Кезең ішінде Компания акционерінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырған және Кезең ішіндегі қаржылық есептілікте тиісті үлгіде көрсеткен Компанияның акционеріне өзге бөлулер;

Ин_шығыстар – Қордың Инвестициялық-инновациялық комитеті пайда есебінен игеруге мақұлдаған және Кезең ішінде жүзеге асырған Компанияның инвестицияларға арналған шығындары;

ҒЗТКЖ шығыстары – Кезең ішінде жүзеге асырылған және Кезең ішіндегі қаржылық есепке алуда тиісті үлгіде көрсетілген Компанияның ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған капиталдандырылатын шығындар;

Дивиденд_есептеу пайызы – Компанияның қаржылық жағдайының деңгейіне байланысты айқындалатын дивидендтерді есептеу пайызы. **Дивиденд_есептеу пайызы** (Кезең ішіндегі Компаниялардың қаржылық есептілігінің деректері және Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты негізінде) мынадай тәртіппен есептеледі:

1. Қаржылық тұрақтылық және өтімділік коэффициенттеріне есептелінеді (Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатында айтылған Компанияның ерекшеліктерін есепке ала отырып):

$$К1 = \begin{cases} \dfrac{\text{Долг} + \text{NPV обязательств по операционной аренде}}{\text{Капитал}} & \text{(для АО Эйр Астана)} \\ \dfrac{\text{Долг}}{\text{Капитал}} & \text{(для остальных Компаний)} \end{cases}$$

$$К2 = \begin{cases} \dfrac{\text{Долг} + \text{NPV обязательств по операционной аренде}}{\text{EBITDAR}} & \text{(для АО Эйр Астана)} \\ К1 & \text{(для АО "Фонд недвижимости Самрук – Казына")} \\ \dfrac{\text{Долг}}{EBITDA} & \text{(для остальных Компаний)} \end{cases}$$

$$К3 = \frac{\text{Текущие активы}}{\text{Текущие обязательства}}$$

Борыш + операциялық жалдау бойынша NPV міндеттемелері/капитал (Эйр Астана АҚ үшін)
Борыш/капитал (қалған Компаниялар үшін)

Борыш + операциялық жалдау бойынша NPV міндеттемелері/EBIT.... (Эйр Астана АҚ үшін)

К1 («Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ үшін)

Борыш/ EBIT.... (қалған Компаниялар үшін)

Ағымдағы активтер/ ағымдағы міундеттемелер

Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына сәйкес әрбір компания үшін К1 және К2 коэффициенттеріне шекті жоғары мәндер белгіленеді: К1*MAX* және К2*MAX*.

К1, К2 және К3 әрбір коэффициенті үшін мына кестеге сәйкес осы коэффициенттердің іс жүзіндегі мәніне байланысты балдар есептеледі:

№	Көрсеткіш	Формула бойынша (1)	3 балл
1	*2*	*3*	*4*
1	К1	0- К1MAX	К1MAX артық
2	К2	0- К2MAX	К2MAX артық
3	К3	1,0 артық	0 - 1,0

Жоғарыда көрсетілген кестенің 4-бағаны бойынша балдар мынадай формулалардың негізінде есептеледі:

$$\text{Балл}\ (К1, К2) = \frac{\text{Факт}(К1, К2)}{К\mathit{MAX}\ (К1, К2)} \times 3 \qquad \textbf{(1)}$$

$$\text{Балл К3} = \frac{3}{\text{Факт К3}}$$

мұнда

- Нақты (К1,К2,К3) – К1, К2, К3 коэффициенттерінің нақты мәндері
- К*МАХ* (К1, К2) – 3-бағанда көрсетілген К1, К2 коэффициенттері үшін аралықтардың ең жоғарғы мәндері.

Бұдан әрі балдардың сомасы есептеледі

$$\sum \text{баллов} = \text{Балл К1} + \text{Балл К2} + \text{Балл К3}$$

2. Компания балдарының сомасына байланысты келесі кестеге сәйкес деңгейлерге бөлінеді:

Деңгей	**Балдардың сомасы**
А	$0 < \Sigma < 7$
В	$\Sigma \geq 7$

3. Дивидендтерді есептеу пайызы деңгейге байланысты айқындалады:

- «А» деңгейі үшін дивидендтердің пайызы келесі формулаға сәйкес 15%-100%-дан түрленеді:

$$\textbf{Дивиден.есепт. пайызы} = 100\% - 85\% * \frac{\sum \text{баллов}}{7}$$

- «В» деңгейі үшін дивидендтерді есептеу пайызы 15%-ға тең.

3-кезең. Компаниялар (ковенанттар) жасасатын шарттарда белгіленген дивидендтері төлеу бойынша шектеулерді сақтау талаптарының орындалуын тексеру

Компаниялар (ковенанттар) жасасатын шарттарда белгіленген шектеулерден асатын сомаға Компанияның дивидендтерін есептеуге жол берілмейді.

Егер дивидендтердің 2-кезеңінде есептелген сома Компаниялар (ковенанттар) жасасатын шартта белгіленген шектеулерден асатын болса, онда мұндай сома төленетінге рұқсат етілгенге дейін төмендету жағына түзетіледі.

Болашақта Компаниялар жасайтын қандай да болмасын шарттар Компаниялардың дивидендтерді төлеу бойынша қандай да бір шектеулерін қамтымауы тиіс. Кез келген жағдайда осындай шектеулер Қор Басқармасымен алдын ала келісуге жатады.

3.1. Дивидендтерді есептеу пайызына қатысты жоғарыда көрсетілген әдістеменің ережелері «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға қолданылмайды.

4. Дивидендтерді уақтылы төлегені үшін жауапкершілік

4.1 Компанияның дивидендтерді төлеу мәселелері жөніндегі барлық іс-шаралардың дайындалуын, үйлестірілуін және өткізілуін Компанияның атқарушы органы жүзеге асырады. Дивидендтердің уақтылы төлегені үшін жауапкершілікті Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның жарғысына сәйкес Компанияның атқарушы органы көтереді.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Осы Дивидендтік саясат осы 5.1-тармақтың ережелерін есепке ала отырып Қор басқармасы оны бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

2012 жыл ішіндегі қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша осы Дивидендтік саясаттың 3.5-тармағында көрсетілген ұлттық даму институттарын қоспағанда Компанияларға төленетін дивидендтердің мөлшері осы Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайданың 15%-на тең.

Келесі Кезеңдер ішіндегі қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Компанияларға төленетін дивидендтердің мөлшері осы Дивидендтік саясаттың 3-бөлімінде көзделген дивидендтерді есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

5.2 Осы Дивидендтік саясатта белгіленген тәртіппен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар олар енгізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.